


## ◆ Бұл басылымда не жаңа?

Сызба деректері, кесте және түсіндірмелердің бәрі соңғы ақпаратпен толықтырылған. Мазмұндағы төрт негізгі өзгеріс: соңғы оқиғалар мен жаңалықтарға сүйенетін 30 «Экономика жаңалықтары» мақаласы, жаңалықтарға сүйенетін 100-ге жуық жаңа қосымша және осының бәрі MyLab Economics және Pearson eText-пен тығыз байланысты. Бұлар «Микроэкономиканың» осы 13-басылымының айрықша ерекшелігі саналады.

## Мазмұндағы негізгі өзгерістер

1-тарауға енді «Экономикадағы экономистер» деп аталатын бөлік қосылды, онда экономика мамандары қандай салаларда қызмет атқара алатыны айтылып, олардың табысы мен іргелес салалардағы мамандардың табысы салыстырылады және экономикада табысты карьера жасауға қажет сыни ойлау, аналитика, математика, жазбаша және ауызекі коммуникация машықтары сипатталады.

### 1.4-СЫЗБА. Экономист мамандардың табысы



Экономика мамандары жоғары табыс табатындар қатарынан емес, химик-инженерлер мен математиктер олардан көбірек табыс табады. Бірақ орта мансапты экономистің жылына табатын 100 000\$ табысы өзге мамандық иелерінікінен әлдеқайда жоғары.

Дереккөз: Америка экономика қауымдастығы, <https://www.aeaweb.org/resources/students/careers/earnings>.

MyLab Economics Animation

2-тарауда «Тот басқан белдеу» экономикасына, ондағы қиындықтардың себептері мен оларды еңсеру амалдарын қарастыратын, экономика кеңейген сайын өндірістің өзгеріп жатқан модельдерін сипаттайтын жаңа бөлім бар. Өндіріс кеңейген сайын техникалық өзгеріс пен экономикалық өсу ең алдымен ауыл шаруашылығы үлесін қалай азайтатынын, кейін қызмет саласы кеңейген сайын өңдеу өнеркәсібінің үлесін қалай азайтатынын түсіндіреді.

2-тарауда сондай-ақ сыртқа иілген өндіріс мүмкіндіктері шегі толығырақ түсіндіріліп, графикалық түйіндер ұсынылады.

5-тараудағы «Мәселеде» талқыланған ең төмен жалақы туралы сипаттамаға Дэвид Ньюмарктың бүкіл кейінгі эмпирикалық зерттеулерінің жиынтығы мен Майкл Луканың Yelp шолу көзінен алған үлкен деректер жинағын пайдалану арқылы жасаған Стэнфорд экономикалық саясатты зерттеу институтының жаңашыл зерттеуі қосылды.

### МӘСЕЛЕ

#### Ең төмен жалақы жұмыссыздықтың себебі ме?

Америка Құрама Штаттарында әділ еңбек стандарттары туралы Федералдық заң федералдық ең төмен жалақыны белгілейді. 2017 жылы ол сағатына 7,25\$ болған, бұл – 2009 жылы белгіленген деңгей. Көптеген штатта ең төмен жалақы федералдық минимумнан асады.

Ең төмен жалақы жұмыссыздыққа апара ма? Солай болса, ол қанша жұмыссыздықты тудырады?

#### Жоқ, олай емес

Берклидегі Калифорния университетінен Дэвид Кард және Принстон университетінен Алан Крюгер ең төмен жалақы алатын 400-ден астам жұмысшының жұмыс берушілерінен телефон арқылы өте үлкен және мұқият ойластырылған телефон сауалнамасын жүргізді. Олардың айтуынша:

- Ең төмен жалақыны көтеру жоспарларды жұмыспен қамтуды арттырады және жұмыссыздық деңгейін төмендетеді.
- Калифорния, Нью-Джерси және Техастағы ең төмен жалақыны зерттеу ең төмен жалақы өскеннен кейін жұмысшылардың жұмыспен қамту деңгейі арта түскенін көрсетті.
- Неғұрлым жоғары жалақы жұмысшыларды адал және өнімді ете отырып, жұмыспен қамтуды арттырады, сондай-ақ жұмыстан шығару ықтималдығын төмендетеді, ал ол, өз кезегінде, өнімсіз еңбек айналымын төмендетеді.
- Жоғары жалақы деңгейі басшыларды еңбек өнімділігін арттыру жолдарын іздеуге итермелейді.

#### Иә, солай

- Ирвиндегі Калифорния университетінен Дэвид Ноймарк соңғы зерттеулердің бәрін біріктіріп, нәтижесінде ең төмен жалақының 10%-ға өсуі жоспарларды жұмыспен қамтуды 1–3%-ға төмендетеді деп көрсетеді.
- Остин қаласында Техас университетінен Даниэль Хаммерштін айтуынша, фирмалар ең төмен жалақы көтерілгенге дейін өсу мен қысқартуды күткен.
- Техас университетінен Финис Уэлч және Чикаго университетінен Кевин Мерфи экономиканың өсуіндегі аймақтар арасындағы айырмашылықтар Кард пен Крюгер тапқан жұмыспен қамту әсерін тудырмағанын айтады.
- Стэнфорд экономикалық саясатты зерттеу институтынан Майкл Лука Yelp интернет-ресурсының үлкен деректер жинағын пайдаланып, ең төмен жалақының жоғары деңгейде болуы бизнестің банкрот болу ықтималдығын арттырады деп тапты.

## Экономика жаңалықтары

Әр тараудың соңындағы «Экономика жаңалықтары» айдарындағы мақалалардың бәрі студентті қызықтырып, ынталандыра алатын ағымдағы мәселелердің шығу төркінін іздеу үшін таңдап алынған. Мысалға 2-тараудағы «Тот басқан белдеу» тақырыбын келтіруге болады.

## ЭКОНОМИКА ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

«Тот басқан белдеудегі»  
өндіріс мүмкіндіктері

Президент Трамп «Тот басқан белдеуді» құтқара ала ма?

The Week  
2017 жылғы 18 наурыз

Президент Трамп өндірістің жұмыс орындарының ондаған жылға созылған құлдырауын қалпына келтіруге уәде берді. Бұл мүмкін бе?

Батыс Нью-Йорктен Пенсильвания, Огайо, Мэриленд, Иллиной және Висконсинге дейін созылған аймақ 1979 жылдан бері айтарлықтай құлдырап келеді. Бұл – АҚШ-тың өңдеу өнеркәсібіндегі жұмыспен қамту шыңына жеткен уақыт. Кейінгі қармақ жылда өңдеу өнеркәсібіндегі жұмыс орындарының саны 7 миллионға азайды, себебі зауыттар азылып, жабылып, жұмысын Мексика және Қытай сияқты жақаласы тиімен елдерге аутсоронитте берді...

Трамп АҚШ-та жұмыс орындарын сақтау немесе құру үшін, Саттлет-ді қоса алғанда, бірнеше компанияға қаржы жасау мақсатында несие талап етуде. Оны өртірті экономикалық ынталандырумен алмастырмақ. [Және ол] Мексикада, Қытайда және өзге елдерге жасалған өнімдерге 20-35%-ға дейін тариф пен салық салынуын талап етті.

Мұндай саясат нәтиже бере ме? Олай ойлайтын экономист аз: Болл штаты университетінің зерттеуіне сәйкес, 2000-2010 жылдары жоғалған 5 млн жұмыс орынының 85%-ына технологиялар мен роботтар киілеті болуы мүмкін. Сондықтан экономистердің бағыты дерлік жоғалып кеткен миллиондаған жұмыс орын қайтару сияқты деп есептейді.

Сонда «Тот басқан белдеу» жұмысшыларының болашағы жоқ па? Олай болмауы да мүмкін. Экономистер оларды жаңа өндіріс кезеңі үшін қайта оқыту керек екенін айтады. Жаңа кезең компьютерлер мен роботтарды бағдарламайтын және басқара алатын жұмысшыларды талап етеді. Ақ үйдің 2016 жылғы есебіне, АҚШ адалық оқылымда маманданған өндірісте 3,5 млн білікті жұмыс орын толтыруға тиіс.

«Can President Trump Rescue the Rust Belt?», The Week, 2017 жылғы 18 наурыз. Retrieved from <http://theweek.com/articles/686314/president-trump-rescue-rust-belt>.

## ӨНГІМНІҢ ТӨКЕТЕРІ

- «Тот басқан белдеудің» қалы мүшкіл, себебі өндірістің жұмыс орындары 1979 жылдан бері 7 миллионға азайды.
- Президент Трамп АҚШ-та жұмыс орындарын сақтау немесе құру үшін экономикалық ынталандыру керек екенін айтады. Ал Мексика мен Қытайдан келетін импортқа салық салуды ұсынады.
- Біраз экономистердің пікірінше, бұл саясаттың әсері бар, себебі зауытты жұмыс орындарының көбі жаңа технологиялар мен роботтар көбеюі салдарынан жойылды.
- Экономистер «Тот басқан белдеудің» қызметкерлерді жаңа технологиялармен жұмыс істеу үшін қайта оқыту қажет деп санайды.

MyLab Economics Economics in the News

## Жаңалықтарға сүйенетін мәселелер мен қосымшалар

Жаңалықтарға сүйенетін 100 жаңа мәселе мен қосымшада көрсетілген тақырыптарға мысал ретінде азайып келе жатқан дәстүрлі бөлшек сату дүкендері және кеңейіп келе жатқан онлайн сауда; бейсбол матчындағы бағасы тұрақты тамақ; оқу ақысы неліктен соншалық жоғары екені; мобайл хабар алмасу нарығындағы Facebook пен Google; Starburst «All pink» сағызы; La la land-тегі (Лос-Анжелес) аса тығыз көлік кептелісі; мұғалімдерді еңбегі үшін марапаттауды айтуға болады.

◆ **Үйрету және үйрену мәселелерін шешу**

Менің экономикадан сабақ берудегі, осы кітапты жазудағы, MyLab Economics үшін контент жасауға үлес қосудағы мақсатым – студенттердің дүниеге көзқарасын өзгерту.

Мен сүйенетін қағида: студенттер туралы үш факті. Біріншіден, олар көбірек оқып-үйренуге құштар, бірақ олардың талпынысы мен сұранысына уақыты мен күш-қуаты жетпей жатады. Сондықтан олар өмірі мен болашақ карьерасы үшін

оқыған нәрсесі қаншалықты маңызды екенін білуі керек. Екіншіден, студенттер оны тез оқып-үйренгісі келеді. Бұл үшін оларға нақты және қысқаша түсіндірмелер берілуге тиіс. Және, үшіншіден, студенттер бүгінгі әлемді түсініп, оқуын аяқтағанда тіршілікке дайын болғысы келеді. Сондықтан да оларға бүгінгі оқиғалар мен мәселелерде, сондай-ақ алдынан шығуы мүмкін болашақ қиындықтарды түсінуде бағыт-бағдар беру үшін экономика мен оның модельдеріндегі шексіз, ескірмейтін қағидалар қалай қолданылатынын көрсету керек.

Осы оқулықтың мәтіні мен MyLab тікелей осы бағыттаушы қағидаларға сүйеніп құрылды. Әр тарау оқу мақсаттарын анық баяндаудан басталады, олар тараудың әр бөлігімен сәйкес келеді.

Оқу ресурстары сондай-ақ тікелей үш бағыттаушы қағидадан туындады, мен оларды бес топқа жіктей отырып сипаттаймын:

- Экономиканы нақты ету
- Глоссарий
- Әрекетті көрсету және оқиғаны баяндау
- Интерактив түрде үйрену – істеу арқылы үйрену
- MyLab Economics

## Экономиканы нақты ету

Студент экономиканы ешқандай нақты мақсатсыз логикалық жаттығулар топтамасы ретінде емес, шынайы әлемдегі мәселелер мен оқиғаларға зейін салатын құрал ретінде көруі керек. «Экономика жаңалықтары» мен «Мәселе» айдарлары осы мақсатқа жету үшін әзірленген.

Әр тарау студенттерді әрі қарай да зер салу мен ынталандыру үшін сұрақ қоятын ыңғайлы кіріспеден басталады. Тарау сұрақты талдап, қарастыратын принциптер мен модельді түсіндіріп, тараудағы құралдар мен ұғымдарды өзін қоршаған әлеммен байланыстыру арқылы студенттерге экономистер сияқты ойлауға көмектесетін «Экономика жаңалықтары» қосымшасымен аяқталады. Осы барлық жаңалық жаттығулары жылдам кері байланыс жасау және жаңа ағымдағы жаттығуларды автоматты түрде іріктеу мен тұрақты түрде жүктеу функциясымен MyLab-та орналасқан.

Тараулардың көбінде «Экономика жаңалықтарында» (мына жерде көрсетілген) керек тұсында қысқаша деректермен толықтырылған қысқа жаңалықтар сюжеті ұсынылады, сұрақтар қойылып, сол сұрақтар бойынша жауаптарға шолу жасалады.

**ЭКОНОМИКА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ**

**Жоғары білім нарығы**

**Оқу ақысы неге жоғары?**

Оқу ақысы жоғары болуына себеп – профессор-дарға көп ақша төленетіні ме? Оқу ақысы штаттардың колледждеріне мемлекеттік қолдаудың азаюына байланысты жоғары ма? Ұлттық экономикалық зерттеу бюросы студенттер федералдық көмекке қол жеткізе алуынан оқу ақысы жоғары дейді. Студенттер неғұрлым көп көмек ақша ала алса, колледждер ақыны сәуірлім көтері мүмкін.


*Дереккөз: Inside Higher Ed, 2016 жылғы 9 ақпан.*



- Бағасы мен көлемі көп жыл бойы ұлғайғандықтан, жоғары білім беру ұсынғысы кеміген жоқ.
- Сыбада жоғары білім нарығы көрсетілген.
- Жоғары білім беру ұсынғысы қисығы – S жоғары көлбеуі, өйткені балама шығынның көбеюі принципі басқа тауарлар мен қызметтердегі сияқты жоғары білімге де қолданылады.
- 2001 жылғы жоғары білімге сұраныс  $D_{2001}$  болды. Төле-тең оқу ақысы 14 000\$ болды. 10 мін студент колледжде ідбылданды.
- 2001–2015 жылдар арасында:
  - 1) жұрттың табысы артты;
  - 2) халық саны артты;
  - 3) жалғыз жұмыс орындары жоғары білімді қажет етті.
- Осы (және мүмкін басқа) факторлар жоғары білімге деген сұранысты арттырды. Сұраныс қисығы  $D$  2015-те оңға жылжыған. Төле-тең оқу бағасы 21 000 долларға дейін, сұратылған көлемі 13 мін студентке дейін өсті.

**ДЕРЕКТЕР**

Нүктелі диаграммада 1971 жылдан 2015 жылға дейінгі колледжде қабылдау туралы деректер ұсынылған:




**1-сызба. 1971–2015 жылдардағы оқуға тірлеу және оқу ақысы**

**СҰРАҚТАР**

- Нүктелі диаграмма не дейді?
- Колледжде оқу ақысы неге көтерілді? Сұраныс артқандықтан ба, әде ұсынғысы кемігендіктен бе?

**ЖАҒАПТАР**

- Нүктелі диаграмма 1971–2015 жылдар аралығындағы көп жылда оқуға түсу де, оқу ақысы да ұлғайғанын айтады. Кейбір оқу жылдары оқу ақысы өсті, оқуға түсу азайды, бірақ оңай жылдар аз.
- Сұраныстың артуы бағаның өсуі мен көлемінің ұлғайғанына әкеледі.
- Баға (оқу ақысы) да, көлем де (оқуға қабылдау) ұлғайғандықтан, жоғары білімге сұраныс артты.
- Ұсыныстың кемуі бағаның өсуіне, көлемнің ұлғайғанына әкеледі.



**2-сызба. Жоғары білім беру нарығы**

MyLab Economics Economics in the News –

**\*Эстер Дюфломен**

**СҰХБАТ**



Эстер Дюфло – Массачусетс технология институтының Мэдйеллді жері және экономика дамуы профессоры. Оның нәтижелері марапатының ішінде «40 жасқа толмаған экономистердің ең үздік еңбегі» номинациясы бойынша 2010 жылы алған Дюно Бейтс Қларк медалі де бар. «Назар экономика: жаңадан келетіндерді күрес жолдарын түбегейлі қайта ойластыру еңбегі» (Абиджит Банердирмен бірге жазған) Financial Times пен Goldman Sachs-тың 2011 жылдың «Бизнес тақырыбындағы үздік кітап» марапатын алған.

Профессор Дюфлонның зерттеулері шынайы өмірде ауқымды эксперимент жүргізу арқылы өте кедей адамдардың экономикалық таңдауын терең түсінуімізге бағытталған. Профессор Дюфло Тарих және экономика жоғары мектебінде (Ecole Normale Supérieure) бақалар болды. АҚШ-на қоныс аударғанға дейін Париждегі DELTA оқу орнында министр дәрежесін алды. 1999 жылы Массачусетс технология институтында экономикадан PhD (философия докторы) дәрежесін қорғады.

Оның Майкл Паркинге берген сұбаты экономикадағы таңдау мен өте кедей халықтың жағдайы туралы түсінігімізді кеңейтеді.

*Профессор Дюфло, сіз қалай экономист болдыңыз, әсіресе өте кедей адамдардың экономикалық таңдауын түсіруге арналған экспериментті жобалаушы болуыңыздың тартып қалды?*

Соның құрбаны болған балалармен айналысатын шағын MEY (NGO) дәрігері болып жұмыс істеген заманым қалыңда жүріп және бұйыр азаматтар туралы кітаптарым көп оқып, кедей балалардың тұрмыс тіршілігіне қанығып астым: өзімнен-өзім, осындай әйелігім те дәулетті өмір сүріп жүргенді қалай ақтайсың деп сұрағым есімде. Кедейлік туралы түсінігім тым үстірт еді, бірақ қандыдай мазалы еді. Кедейлік зардабын жою үшін қолымыз келетінше бірден істеу керектігін сезім жүрдім. Құрамына күні бірі мәселені шешуде экономика пайдалы болуы мүмкін екенін байқадым. Ресейде француз тілін үйреніп, тарихты зерделеу бір жыл жүрдім. Сол кезде экономист ғалымдардың өзім тіршілігіме араласуы мүмкіндігі бар екенін түсінідім. Бұл мен үшін тамаша жұмыс болар еді деп ойладым. Және оған өкіліпеймін. Мен әлемдегі ең жақсы жұмысқа істеймін.

*Тым кедей адамдар күніне 1–2 долларға күн көреді. Күніне 1\$ немесе Денверде патронамы төлеместен барлық нарсені қамтамасыз етуімізге көмектесіңіз бе?*

Кедейлік шешім анықтауға тұрғын үй ақысын қоспаймыз. Табысы аз адамдар тегін де игілістер алады, кейде олардың (білім беру, денсаулық сақтау) сапасы нашар болады, олардың құны да өспейді. Олардан басқанын бірі қарады.

Оның үстіне кедей адамдардың бірінде жалғыз тімен болған соң, өмір де алдандай арзан өкіліп, сондықтан жергілікті деңгейде өндірілетін және тұтынылатын нарсенің бәрі (мамыл, шап қию) арзан екенін ескеруіміз керек.

Мысалы. Үндістанда бір доллардың сатып алу қабілеті (сз сатып ала алатын нақты тауарларға аяқталды) АҚШ-на қарағанда шамамен 3 есе жоғары. Сондықтан Үндістан үшін кедейлік шешімі дұрыс емес, күніне 3\$ ыңғай деп аламыз.

Осымен бірін ескеріп, Сикх немесе Денверде патронамы төлеместен кейін күнделі бір доллар өмір сүретіндігі елесетін көрседі. Ондай емес!

\*Эстер Дюфломен топсық сұбаты. *Economic Journal* арқылы оқу ақысы.

**Глоссарий**

Глоссарийдің өзін оқыған қызық емес, бірақ ол – әр пән үшін маңызды алғашқы қадам, сондай-ақ ол тиімді әрі қолдануға ыңғайлы болуға тиіс. Көңіл бөлінген негізгі терминдер бұл міндетті одан да оңай етеді. Әр негізгі термин оған ерекше көңіл бөлінетін сөйлемнің ішінде анықталып, тарау соңындағы тізім мен кітап соңындағы глоссарийде және MyLab Economics-тегі интерактив глоссарийде, Flash card құралы мен жылдам кері байланыс жасалатын, автомат іріктелетін негізгі терминдер бойынша тестіде көрсетіледі.

**Тірек сөздер**

Ақшалай баға  
Алмасуырыш  
Бәсекелі нарық  
Қалыпты тауар  
Салыстырмалы баға  
Құны төмен тауар  
Сұраныс

Сұраныс заңы  
Сұраныс қисығы  
Сұраныстың өзгеруі  
Сұратылған көлем  
Сұратылған көлемнің өзгеруі  
Төле-тең баға  
Төле-тең көлем

**MyLab Economics Key Terms Quiz**

Топықтырыш  
Ұсынылған көлем  
Ұсынылған көлемнің өзгеруі  
Ұсыныс  
Ұсыныс заңы  
Ұсыныс қисығы  
Ұсыныстың өзгеруі


**Әрекетті көрсету және оқиганы баяндау**

Алдыңғы он екі басылым оқиталып ашiндегi сызбалардың анықтық стандартын бекiтiп, 13-басылымда осы дәстүр жалғасын Оқиганы Менiң



мақсатым – «экономикалық әрекет қай жерде жүретінін» көрсету. Бұл кітаптағы сызбалар туралы аса оң пікірлер айтылады, ал бұл – графикалық талдау экономиканы қағидалар деңгейінде үйрету мен оқу үшін қолжетімді ең керемет құрал деген менің көзқарасымды растай түсті.

Кейбір студенттер үшін сызбалармен жұмыс істеу қиынға соғатынын мойындай отырып, мен бүтін көркемдеу бағдарламасын студенттердің зерттеу мен шолудағы қажетін ескере отырып әзірледім.



### Жанармай нарығы

Сызбалардың ерекшеліктері:

- Айқын нақты әлем деректері мен мүмкін болғанда және маңызды болған жерде ең соңғы деректерді анықтап, көрсететін осьтер
- Кесте деректерімен біріккен сызбалар, олар арқылы қисықтар салынады
- Үнемі көкпен көрсетілетін бастапқы қисықтар
- Қызылмен белгіленетін жылжитын қисықтар, тепе-теңдік нүктелері және бастапқы маңызды ерекшеліктері
- Қозғалысты көрсететін аралас түсті нұсқарлар
- Оқиғаны баяндайтын ескертумен белгіленген сызбалар
- Әр сызба мен оның атауын оқу және шолу үшін дербес объект ететін ұзартылған атаулар

### Интерактив түрде үйрену – істеу арқылы үйрену

Әр тараудың соңындағы «Пысықтау сұрақтары» студентті негізгі идеяларды қамтитын сұрақтар бағанымен жұмыс істеуге шақырады. MyLab оқу жоспарындағы параллель сұрақтар тобы студентке тапсырмаларды орындап, жылдам мақсатты кері байланыс алуға мүмкіндік береді.

Тарауды қарап шығудың бір бөлігі ретінде студент тараудың негізгі мазмұнын қамтитын және сұрақтардан, шешімдерден, негізгі нүктелер мен негізгі сызбадан, бірнеше бөліктен тұратын мәселемен жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болады. Бұл ерекшелік студенттің істеу арқылы үйренуге және тарауды селқос қарап шыққаннан гөрі тереңдей зерделеуге деген ынтасын арттырады. Орындалған тапсырмалар мәселенің негізгі сызбасының интерактив анимациясымен бірге MyLab оқу жоспарында болады.

### MyLab™ Economics

**MyLab Economics арқылы әр студентті жұмысқа қатыстырыңыз.** MyLab – әр студентті жұмысқа қатыстыруға мүмкіндік беретін үйрету және үйрену платформасы. Автордың сенімді деректерін сандық құралдармен және икемді платформамен біріктіру арқылы MyLab оқу тәжірибесін дербестендіріп, әр студенттің нәтижесін жақсартады. Кеңейтілген жаңа Pearson eText-пен студенттер мәтінге сәйкес График анимациялармен жұмыс істей алады. Әр тарауды сұрақтардан, шешімдерден және негізгі сызбадан тұратын «Шешілген мәселе» айдары қорытындылайды.

**Сенімді деректерді беріңіз.** Сіз курсыңыздың жоғары стандарттарына сай келетін оқыту материалдарына қол жеткізуге лайықсыз. Сондықтан сіз сене алатын және студенттеріңізге көмектесетін интерактив деректер мен курс үшін нақты ресурстарды дамытуға біз аса құрметті авторлармен бірігіп жұмыс істейміз. Экономика жаңалықтары оқиғалары студенттердің қызығушылығын тудырып, ынталандыруы әбден мүмкін, сондай-ақ MyLab Economics аясында ұсынуға және автоматты түрде жіктеуге болатын ағымдағы мәселелерді қарастырады.

**Әр білім алушының мүмкіндіктерін кеңейтіңіз.** Әр студент әртүрлі қарқынмен үйренеді. Дербестендірілген оқу студенттерге табысты болуы үшін қажет қолдауды керек кезінде және керек

жерінде бере отырып, әр студенттің тәжірибені жинауы қажет нақты аймақтарды анықтауға жол ашады.

**Курсыңызды өз тәсіліңізбен оқытыңыз.** Сіздің курсыңыз бірегей. Сондықтан өзіңіздің жеке тапсырмаларыңызды құрып, бірнеше тарауды оқытуды немесе қажет алғышарттар тудыруды қаласаңыз, MyLab Economics қажетіңізге сай келетін курсты оп-оңай жасауда икемділік ұсынады.

**Студенттің нәтижелерін жақсартыңыз.** MyLab-пен оқытқанда студенттердің оқу үлгерім жақсарады. Сондықтан оқытушылар 15 жыл бойы MyLab-ты таңдап келіп, 50 миллион студенттің өмірін өзгертті.

## ◆ Жұмысқа орналасу қабілетін дамыту

Экономикалық ойлау – азаматтық ұстаным мен карьераға негіз болатын қабілет. Мәтіннің әрбір ерекшелігі студентке ымыраның орталық идеяларын, балама құн, пайда шегі, түрткі мен ынталандыру, еркін айырбастау және сұраныс, ұсыныс пен тепе-теңдіктің күші, экономикалық рентаға ұмтылу және жеке мүдде мен қоғамдық мүдде арасындағы шиеленісті пайдалану арқылы осы қабілетін дамытуға көмектеседі.

«Экономикадағы экономистер» деп аталатын I-тараудың жаңа бөлімі жұмысқа орналасу мен табысты карьера жасауда шешуші рөл атқаратын мына бес жалпы машықты анықтайды. Кестеде осы машықтар және осы мәтіндегі оларды дамытуға көмектесетін ерекшеліктер көрсетілген.

## КАРЬЕРА ҮШІН ҚАЖЕТ МАШЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ДАМЫТАТЫН ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Машық	Ерекшелік
Сыни ойлау	Экономика жаңалықтары Сұрақ
Аналитикалық	Экономикалық ойлау Модельдерді қолдану Модельдерді қолдану Графикалық талдау Математикалық қосымшалар
Математикалық	Қысқаша жауап беретін жазбаша тапсырмалар ретіндегі пысықтау сұрақтары және тарау соңындағы мәселелер мен қосымшалар
Жазу қабілеті	
Ауызекі коммуникация	Аудиторияда талқылау мен пікірталасқа арналған тақырыптар ретіндегі «Экономика жаңалықтары» және «Мәселе»

## ◆ Мазмұнды шолу және икемділік

Әркімнің курсты оқытуға қатысты өз қалауы бар, сондықтан мен бұл кітапты оқыту тәсіліңізді таңдауға жол ашатындай етіп әзірледім. Мазмұның алдындағы диаграммада кітаптың икемділігі көрсетілген. Диаграммадағы нұсқарлар көмегімен курстың құрылымы бойынша қалауыңызға бәрінен лайық тәсілді таңдай аласыз. Теория мен саясатты үйлестіретін дәстүрлі курс немесе теория мен саясатты тез шолып өтетін курс оқытқыңыз келсе де, осы оқулық мәтінінен қалауыңызға сай келетінін таңдай аласыз.